

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

Университеттің Ғылыми
кеңесінде қарастырылып бекітілген
хаттама № 22 « 30 » 06 2015 ж.



«С.Сейфуллин атындағы Қазақ
агротехникалық университеті»
АК Басқарма төрағасы
Күрішбаев А.Қ
« 07 » 2015

«ӨСІМДІК ҚОРҒАУ ЖӘНЕ КАРАНТИН» МАМАНДЫҒЫ
БОЙЫНША «ФИТОСАНИТАРЛЫҚ ОҢТАЙЛАНДЫРУ» МОДУЛЬДІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Академиялық дәрежесі: «Өсімдік қорғау және карантин» мамандығы бойынша ауыл шаруашылығы
бакалавры

Оқу мерзімі: 4 жыл

Оқу түрі: күндізгі

Оқуға түскен жылы: 2015 ж

«Фитосанитариялық онтайландыру» модульдік білім беру бағдарламасының мазмұны

№	Компоненттің атауы	Бет
I	Білім беру бағдарламасының паспорты	3
1.1	Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері	3
1.2	Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы	3
1.3	Біліктілік сипаттамасы:	3
1.4	Мамандардың жұмыспен қамтамасыз етілу келешегі	6
II	Оқу нәтижелері және негізгі құзыреттіліктері	6
III	2015-2019 жж. арналған академиялық күнтізбе	11
IV	2015-2019 жж. модульдік оқу жоспары	12
V	Білім беру бағдарламасының модульдері бойынша игерілген кредиттер көлемін көрсететін жиынтық кестесі	16
VI	Білім беру бағдарламасының картасы	17
VII	Қосымша. Модульдердің сипаттама формуляры	51

I. Білім беру бағдарламасының паспорты

1.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

5B081100-Өсімдік қорғау және карантин мамандығы бойынша «Фитосанитариялық онтайландыру» білім беру бағдарламасы еңбек нарығындағы сұраныстарды ескере отырып жасалған.

Келесі мәселелер бағдарламаның негізгі мақсаты болып табылады:

1. Оқу бітірушінің кәсіби қызметке, ұтқырлыққа, үздіксіз кәсіби және адами қасиеттерін жетілдіру және бүкіл өмірінде өсуіне дайындығын қалыптастыру.

2. Өсімдік қорғау және карантин саласындағы болашақ мамандарының негізгі кәсіптік құзіретін қалыптастыру;

3. Ғылыми-техникалық ақпаратпен жұмыс істей білу, кәсіби істе отандық және шет елдік тәжірибелерді қолдану, алынған ақпараттарды жүйелендіру және жинақтау.

Қорыта айтқанда «Фитосанитариялық онтайландыру» бағдарламаның негізгі мақсаты жұмыс берушілердің талаптарын толығымен қанағаттандыратындай деңгейде жеке тұлға ретінде және кәсіби деңгейі жоғары мамандарды дайындауға негізделген.

1.2. Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы

«Өсімдік қорғау және карантин» мамандығы бойынша «Фитосанитариялық қауіпсіздік» білім беру бағдарламасы Еуропалық біліктілік шеңбері мен Дублин дескрипторларымен келісіліп, Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкес жасалды. Білім беру бағдарламасы пәнді оқытудың модульдік жүйесі негізінде құрастырылған және 18 модульді қамтиды. Білім беру бағдарламасы жалпы білім беру, базалық және кәсіптендіру пәндерінен, қосымша оқу түрлерінен (кәсіби тәжірибе, дене шынықтыру) тұрады. Сондай-ақ, білім беру бағдарламасы қорытынды аттестациялауды қамтиды. Теориялық оқыту 130 кредитті құрайды, кәсіби тәжірибеге 18 кредит, қорытынды аттестациялауға 3 кредит бөлінген.

3. Біліктілік сипаттамасы:

Кәсіптік әрекет ету аясы:

Қазақстан Республикасы территориясы, өсімдік қорғау және карантин саласы аясында ауыл шаруашылығы министрлігінің агроөндірістік кешендегі қадағалау және Мемлекеттік бақылау; Өсімдік қорғау және карантин бойынша аймақтық деңгейде (облыстық және аудандық ауылшаруашылығы басқармалары) ауылшаруашылық дақылдарын жасау бойынша шаралар мен бағдарламалардың орындалуы бойынша міндеттерді орындау; мамандық бойынша орта білім беру мекемелеріндегі білім беру құзіреті, пестицидтер тарату, пестицидтерді өндіру, биоагенттерді көбейту және оларды тарату, фитосанитарлық мониторинг және өсімдік карантині саласында болжау жүргізу; зиянкестер мен ауруларға және арамшөптерге қарсы қорғау шараларын жоспарлау және ұйымдастыру.

Кәсіптік әрекет ету бағыты және нысаны: ауыл шаруашылығы дақылдары, карантинге жататын өнімдер және шалғындар, аса қауіпті және зиянды ағзалар, ауыл шаруашылық дақылдарының карантиндік насандары, пестицидтер, биоагенттер, арнайы техникалар және карантиндік нысандар.

Кәсіптік әрекет ету түрлері: Аса қауіпті және зиянды ағзалар, ауыл шаруашылығы дақылдарының карантиндік нысандар, карантинге жататын және шалғындық жерлердің фитосанитарлық мониторингі; Зиянды аурулар мен арамшөптерге, зиянкестерге қарсы өңдеу аумақтарын анықтау;

Кәсіптік әрекет ету қызметтері:

Ұйымдастыру-технологиялық:

Зиянды ағзаларға төзімді ауылшаруашылық дақылдарын жасаудың технологиялық картасын құрастыру; зиянды ағзалармен күресу үшін егістіктер мен шалғындық жерлердің фитосанитарлық жағдайын бағалау; зиянды ағзалардан интегралды қорғау жүйесін қолдана отырып ауылшаруашылығы дақылдарын жасау технологиясын сақтау. Зиянкестердің орналасуы, аурулармен залалдану, ластануы бойынша агрономиялық бағалау туралы егістік кітабын жасау; зиянды ағзалардан ауыл шаруашылығы егістіктерін интегралды қорғау шараларының жоспарын жасау.

Өндірістік басқару:

Ауылшаруашылық дақылдары, шалғындар мен өсімдік карантині бойынша карантиндік нысандар, аса қауіпті және зиянды ағзаларға фитосанитарлық мониторинг жүргізу;

Шалғындар мен ауылшаруашылық дақылдарында өсімдік карантині бойынша қорғау шараларын ұйымдастыру; өсімдік қорғау және карантин саласында ғылым мен техниканың жетістіктерін енгізу;

Карантинге жататын өнімдер экспертизасы және карантиндік тексеру жүргізу;

Жобалық, ғылыми-зерттеу:

Зиянды ағзаларды есептеу әдістерін меңгеру, ғылыми зерттеу әдістерін, зерттеуді жүргізу және нәтижесін бағалау әдістерін меңгеру; түрлік және сандық құрылымын анықтау, зиянды ағзалардың зияндылығы мен таралуы, ауыл шаруашылық және карантинге жататын өнімдерді басқа карантиндік нысандарға экспертиза жүргізу.

Карантиндік нысандардың фитосанитарлық тәуекелдік талдауын жасау, алынған зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу және бағалау;

Пестицидтерді өндірісте сынау және тіркеу әдістерін меңгеру.

Білім беру (педагогтық) оқытушылық құзырлығы мамандыққа дайындайтын орта және кәсіби – техникалық білім беру профилі бойынша оқу ғимараттарында.

Кәсіптік құзырлық функциялары: өсімдік қорғау және карантин саласындағы отандық және шет елдік аграрлық ғылым мен тәжірибе жетістіктері

туралы ғылыми-техникалық ақпараттың талдауы; ауылшаруашылық дақылдарды жасауда зиянды ағзалардан өсімдікті қорғаудың тиімді әдістерін таңдап алу; зиянды ағзалардан ауылшаруашылығы дақылдары мен шалғындарды қорғау бойынша шаралардың жоспарын жасау; зиян келтірудің экономикалық шегін есепке ала отырып зиянкестерден қорғауды ұйымдастыру және жүргізу; өсімдік карантині бойынша шаралар ұйымдастыру және оны

өткізу; экономикалық жағынан барынша тиімді, экологиялық жағынан қауіпсіз пестицидтерді таңдау; өсімдік қорғау және карантин саласында заңнамалардың орындалуын бақылау.

Кәсіптік әрекет етудің типтік міндеттері: өсімдік қорғау және карантин саласында заманауи технологияларды қолдану (оның ішінде биологиялық әдістерді); зиянды ағзалардың зиян келтіруінің экономикалық шегін есепке ала отырып пестицидтерді ұтымды қолдану; қорғау және карантиндік шараларды жүргізу арқылы ауылшаруашылық егістіктер мен шалғындықтарды жағымды фитосанитарлық жағдаймен қамтамасыз ету; құрамында зиянды заттары рұқсат етілген деңгейден аспайтын ауылшаруашылық өнімдерін алуды қамтамасыз ету; ауыл шаруашылық өнімдерді жынау және сақтау кезінде зиянды ағзалар келтіретін шығынды азайту.

Кәсіптік әрекет етуді бағыттау: фитопатология, энтомология, гербология, вирусология, бактериология, нематодология, өсімдікті химиялық қорғау, өсімдіктерді биологиялық қорғау, токсикология, өсімдік карантині, жеміс шаруашылығындағы өсімдік қорғау, көкөніс шаруашылығындағы өсімдік қорғау (ашық және жабық жайларда), өсімдік шаруашылығындағы өсімдік қорғау, өсімдік қорғау мен карантиндегі техника, өсімдік қорғау мен карантин инспекциясындағы бақылау-қадағалау қызметі.

Кәсіптік әрекеттің мазмұны: нақты шаруашылықты жүргізетін субъектілер үшін өсімдік қорғау және карантин бойынша шаралардың жоспарын жасау; белең алған фитосанитарлық және топырақтық-климаттық жағдайларды ескере отырып зиянкестерден қорғау және карантиндік шараларды жүргізудің қолайлы технологиясын таңдау; нақты топырақтық-климаттық белдеу үшін тиімді және қауіпсіз пестицидтерді таңдау; пестицидтердің таралуын есептеу, оларды сақтау, транспорттау және нақты шаруашылықты жүргізетін субъектілер үшін жарату ережелерін сақтау.

1.4. Мамандардың жұмыспен қамтамасыз етілу келешегі:

«Өсімдік қорғау және карантин» мамандығын бітірген түлектер өсімдік қорғау және карантин бойынша мемлекеттік қызметтерде; ҚР АШМ ғылыми-өндірістік құрылымдарында; фитосанитарлық диагностика және болжау орталықтарына; карантиндік зертханаларда; интродукциялық-карантиндік көшетханаларда; биофабрикалар мен биологиялық әдіс зертханаларында; өсімдік қорғау заттары мен техникаларды таратушы коммерциялық фирмаларда; карантиндік шекара посттарында; пестицидтер өндіруші фирмаларда; ландшафт дизайны және көгалдандыру фирмаларында; аса қауіпті және карантиндік ағзаларды жою отрядтарда, сол сияқты еліміздің агроөнеркәсіптік сферасында сұранысқа ие.

II. ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ БАСТЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР

«Өсімдік қорғау және карантин» мамандығы бойынша бакалавры келесі басты құзыреттіліктерді меңгеруі керек:

1. ана тілі саласында (казак/орыс тілдері); жазбаша және ауызша (тыңдау, айту, оқу және жазу) түрінде түсініктерді, ойларды, сезімдерді, фактілер мен

көзқарастарды түсіну және көрсете білу, сонымен қатар, оқу уақытында, жұмыс кезінде, үй ішінде және бос уақытында, яғни барлық қоғамдық пен мәдени тұрғыдан тиісті түрде лингвистикалық және шығармашылық қарым-қатынас орната білу қабілеті;

2. шет тілі саласында: ағылшын және неміс тілдерінде қарым-қатынастың негізгі дағдыларын меңгерген, яғни ауызша мен жазбаша (тыңдау, айту, оқу, жазу) түрінде әлеуметтік және мәдени тұрғыдан (білім алу және оқу ісінде, жұмыс кезінде, үй ішінде және бос уақытында) түсініктерді, ойларды, сезімдерді, фактілер мен көзқарастарды ұғына, айта және айқындай білу қабілеті. Медиация мен мәдениаралық түсіністік дағдыларына ие;

3. іргелі математикалық, жаратылыстану-ғылыми және техникалық дайындық: күнделікті жағдайларда өндірістік міндеттерді шешу үшін математикалық ойлауды қолдана және дамыта білу, кәсіби қызметінде математикалық ойлау (логика мен кеңістіктік ойлау) тәсілдерін және презентацияларды (формулалар, үлгілер, құрылымдар, бағаналар мен кестелерді) қолдана білу, яғни дәлелдерге негізделген проблема мен қорытындыларды анықтау үшін әлемді түсіндіретін білім мен әдістеменің негіздерін қолдана білу, өз білімдері мен әдістемесін кәсіби міндеттерді шешу үшін қолдана білу қабілеті;

4. компьютерлік дайындық: заманауи ақпараттық технологияларды жұмыс үшін, бос уақытта және қарым-қатынас орнату үшін сенімді және сыни тұрғыдан қолдана білу, кәсіби қызметінде ақпаратты қалпына келтіру, бағалау, сақтау, өндіру, презентациялау мен алмастыру үшін, ғаламтор көмегімен келісім жүргізілетін желілерге қатысу және араласу үшін компьютерді қолдана білу;

5. оқу ісіндегі дайындық: - ой-өрісі кең және ойлау мәдениетіне ие жоғары білімді тұлға қалыптастыруда өсімдік қорғау және карантин пәндері саласында базалық білімдерді меңгерген;

- әрдайым оқу қажеттілігін түсінетін, қол жетімді мүмкіншіліктерді таба білетін, болашақта білім алуға талпынатын және оқуын әрі қарай жалғастыруға мүдделі, жеке және топта уақыт пен мәліметтерді тиімді басқара отырып, өз оқуын ұйымдастыра алатын, тұлғалық және кәсіптік тұрғыдан дамуға ынталы болу; күнделікті кәсіби қызметін жетілдіретін және магистратурада білімін жалғастыруға қажетті жаңа білімдерді алу тәсілдеріне ие;

6. әлеуметтік дайындық (тұлғалық, мәдениаралық және азаматтық құзыреттіліктер):

- қоғамдық және еңбек өмірінде, алуан түрлі қоғамдарға тиімді әрі келісімді қатысуға, жеке өмірінде қажет жағдайда келіспеушіліктерді шешуге, сонымен қатар, әлеуметтік пен саяси түсініктер мен құрылымдар туралы білімге және белсене әрі демократиялық қатысуға дайындығына негізделе отырып, азаматтық өмірде толығымен қатысуға мүмкіндік беретін мінез-құлыққа ие;

- ұжымда, отбасында, социумда, әлемде бірге өмір сүре білу, басқа тұлғаларды қабылдау мен түсінуді өзінде тәрбиелей білу, оған құндылық ретінде қарым-қатынас жүргізе білу, әлемдегі өзара байланыстылықты сезіну

және дамыту, келіспеушіліктерді ескерте және тоқтата білу, мәмілеге келу қабілеті, ұжым көзқарасын өзінің көзқарасымен сәйкестендіре білуі;

- іскерлік этика нормасын сақтай білу, тәртіптіліктің этикалық және құқықтық нормаларын меңгеру;

7. кәсіпкерлік және агрономиялық дайындық:

- негізгі өсімдік қорғау және карантин саласындағы ауыл шаруашылық білімді меңгергенін, менеджмент, маркетинг және т.б. туралы ғылыми түсініктері болуы; экономиканы мемлекеттік реттеудің мақсаты мен міндеттерін білу және түсінуі, экономикадағы мемлекеттік сектордың ролін білуі;

- кәсіби міндеттерге жету үшін идеяларын әрекетке айналдыра білу, жобаларды жоспарлай және басқара білу; этикалық құндылықтарды түсінеді, яғни адамдармен жұмыс істей біледі, тапсырыс берушілер мен тұтынушылармен өзара әрекеттесу, персоналды басқару, рұқсат беруші және өкілетті органдармен, билік өкілдерімен жұмыс істеу салаларында білімдерге ие, Қазақстанның құқықтық жүйе мен заңнамасының негіздерін, қоғамның әлеуметтік даму бағыттарын біледі;

8. мәдени дайындық: Қазақстан халқының әдет-ғұрыптары мен мәдениетін білу, яғни әртүрлі құралдармен идеяларын, тәжірибесі мен көңіл күйін шығармашылық тұрғыдан жеткізу маныздылығын түсіну; әлемнің басқа халқының әдет-ғұрыптарына, мәдениетіне толерантты болу, толерантты тәртіпін, тұрмыстық расизм, ксенофобия, экстремизмді алдын-алу шараларының мәнін түсіну және білу, оларға төтеп бере алу; толерантты тұлға ретінде қалыптасқан, басқа мәдениеттердің өкілдерін тани, түсіне және қабылдай білу, яғни білім алу қабілеті бар, жарасымды, интеллектуалды қарым-қатынаста жылдам араласатын, ескірген көзқарасы, оның ішінде шовинизм сипатындағы түсініктер жоқ; жоғары рухани қабілеттерге ие, зиялы тұлға ретінде қалыптасқан.

9. жалпы құзыреттіліктер: сыни ойлау үшін қажетті дағдыларға ие, байқағыштық, түсіндіру мен талдау, қорытынды шығару, баға беру қабілеттері бар; шығармашылық қасиеті бар; бір аспектіден екіншісіне ауысуға қабілетті, анық, жалпыға танымал, көпшілік қабылдаған, тұрақты бекітілген идеялардан бөлек идеяларды туғызу, мәселенің мәнін түсіну қабілетті; стереотиптерге төтеп беруге қабілетті, белсенді өмірлік ұстанымға ие; басқа тұлғаларға қатысты өзіндік мінез-құлықты жүргізуге қабілетті, топ және ұжымда, оларға зиян келтірмей және нормативтік регламенттер аясында көш басшысы болуға мүдделі; команда ішінде жұмыс істеуге, өз пікірін дәлелдеуге, жаңа шешімдерді ұсынуға қабілетті; алуан түрлі әлеуметтік жағдайларда дұрыс шешім қабылдай білу.

10. Өз бетімен шешуге қабілетті болуы: ақпараттарды жинау, талдау және интерпретациялау (инструменталды компетенция); идеяларды және сындарлы аргументтерді жасауға (тұлға аралық компетенция); өзін-өзі басқаруға және өзін-өзі мотивациялауға (жүйелі компетенция).

11. Әртүрлі жағдайларда тиімді пайдалануға қабілетті болуы: республикада, алыс және жақын шетелдерде өсімдік қорғау және карантиннің

перспективті дамуы және жағдайы туралы; өсімдік қорғау және карантин саласында қолданылатын заманауи техникалық құралдар туралы; зиянды ағзалар жіктеуі туралы; карантиндік нысандардың енуі және таралуын болдырмау бойынша карантиндік шаралар жүйесі туралы; өсімдік шаруашылығы және жеміс-көкөніс өнімінің сапасы туралы.

12. Білу: егістіктер мен шалғындықтардың фитосанитарлық жағдайына бағалау жүргізу және өсімдік карантині бойынша қорғау шараларын жүргізудің қажеттілігін анықтау; зиянды ағзалардың жаппай көбеюі мен таралуын болжау, сондай-ақ күресу мерзімін жариялау сигналдарын жіберу; зиянды ағзаларға қарсы қорғау және карантиндік шараларды мақсатты жүргізу бойынша шешімдер шығару және оны іске асыру; карантинге жататын өнімдер экспертизасы мен карантиндік тексеріс жүргізу; пестицид қолданғаннан кейін құрылғылар мен аппараттарды, техникаларды, транспорттық құралдарды зиян келтірмейтіндей ету керек.

13. Тиімді байланыс жасау және әлеуметтік дағдылары және келесі көрсетілген қабілеттері болуы тиіс:

біріккен жобаларда және іс шараларда басқа адамдармен жұмыс істеуге (тұлға аралық компетенция); командаламен жұмыс, келісім жасау және ұйыммен жұмыс істеу дағдыларын көрсетуге (тұлға аралық компетенция); жұмысын қол жетімді формада ұсынуға (тұлға аралық компетенция); аауызша және жазбаша қазақ, орыс және шет тілдерінде байланыс жасауға (тұлға аралық компетенция); жаналық пен өзгерістерді жағымды қабылдау (тұлға аралық компетенция).

14. Білу және түсіну: заңдар, Ережелер, ҚР өсімдік қорғау және карантин бойынша қаулылар және нормативтік және құқықтық актілер; Қазақстандағы өсімдік қорғау және карантиннің келешек дамуы және заманауи жағдайын; аса қауіпті, зиянды ағзалар және карантиндік нысандардың фитосанитарлық мониторинг әдістерін; пестицидтердің ассортименті және оларды қолдану технологиясын.

15. Дағдылары болуы тиіс: ауылшаруашылық егістіктер мен шалғындықтарда, карантиндік өнімдерде өсімдіктің зиянды ағзаларының түрлік және сандық құрамын анықтау; фитосанитарлық мониторингтің заманауи әдістерін қолдану;

аса қауіпті, зиянды ағзалар және карантиндік нысандармен ауылшаруашылық дақылдардың зақымдалуы және зақымдалу диагностикасы; өсімдік қорғау және карантин жұмыстарында пайдаланатын арнайы машиналар мен құрылғыларды қолдану; пестицидтерді қолданудың тиімді және қауіпсіз әдістерін таңдау;

16. құзыретті болу: өсімдік зиянкестері, аурулары мен арамшөптерге қарсы қорғау шараларын жүргізуде және техникалық қауіпсіздікті іске асыруды; өсімдік қорғау және карантин бойынша егістік тәжірибелерін және зерттеу жұмыстарын жүргізуді; ғылыми-зерттеу жұмыстарын, алынған нәтижелерге шолу және талдау жасауды; карантиндік тексеру және карантиндік өнімдер экспертизасын жүргізуді; өсімдік қорғау және карантин бойынша заңнамаларды қолдануда.

III.2015-2019 оқу жылына 5B081100 - Өсімдік қорғау және карантин (Фитосанитариялық оңтайландыру) мамандығы бойынша академиялық күнтізбе

Курс	Қыркүйек				Қазан				Қараша				Желтоқсан				Қаңтар				Ақпан				Наурыз				Сәуір				Мамыр				Маусым				Шілде				Тамыз																
	31	7	14	21	28	5	12	19	26	2	9	16	23	29	7	14	21	28	4	11	18	25	1	8	15	22	1	8	15	22	29	5	12	19	26	3	10	17	24	31	7	14	21	28	5	12	19	26	3	10	17	24	31	7	14	21	28				
	5	12	19	26	3	10	17	24	31	7	14	21	28	5	12	19	26	2	9	16	23	30	6	13	20	27	6	13	20	27	3	10	17	24	1	8	15	22	29	5	12	19	26	3	10	17	24	29	5	12	19	26	3	10	17	24	31	7	14	21	28
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30	31	32	33	34	35	36	37	38	39	40	41	42	43	44	45	46	47	48	49	50	51	52									
1	/PK	/PK	С	С	С	К	К	/PK	/PK	С	С	С	У	У	Л/К	Л/К	Л/К	К	К	К	К	К	К	К	К	К	К	К	К									
2	/PK	/PK	С	С	С	К	К	/PK	/PK	С	С	С	У	У	У	У	У	К	К	К	К	К	К	К	К	К	К	К	К									
3	/PK	/PK	С	С	К	К	/PK	/PK	С	С	Пр	Пр	Пр	Пр	Пр	Пр	Пр	Пр	Пр	Пр	Пр	Пр	Пр	Пр	К	К	К	К	Пр									
4	Пр	Пр	Пр	Пр	Пр	PK	PK	С	С	К	К	О	/	Д	Д	Д	Д	Д	Д	Д	Д	Д	Д	Д	Д	Д	Д	Д	Д	Д	Д	Д	Д	Д									

- П/н - презентациялық апта
 П - диплом қорғау алдындағы практикасы / - мемлекеттік емтихан
 Д - дипломдық жобалау // - защита дипломного проекта
 С - емтихан сессиясы К - демалыс
 Л - жазғы семестр Пр - өндірістік практика
 Вс - Әскери жиын
 PK - Аралық бақылау
 О - Дәрістік шолу
 У - оқу практикасы
 Э - емтихан

Мейрамдар күні 30 тамыз-Конституция күні

1 желтоқсан - Бірінші Президент күні

16, 17 желтоқсан - ҚР тәуелсіздік күні

1, 2 қаңтар - Жаңа жыл

7 қаңтар - Рождество Христово

8 наурыз - халықаралық әйелдер күні

21,22,23 наурыз - Наурыз мейрамы

1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлік күні

7 мамыр - Отан қорғаушылар күні

9 мамыр - Жеңіс күні

6 шілде - Астана күні

24 қыркүйек - Құрбан Айт

Апта жалпы теориялық оқу - 15 апта

семестріде емтихан сессиясы - 3 (2) апта

аралық бақылау - 1 апта

қысқы демалыс - 2 апта

жазғы демалыс - 9 апта

жазғы семестр - 3 апта

Мамандықтың оқу жоспары бойынша практикалық оқудың курсы 24 апта

IV. 2015-2019 жылдарға модульды оқу жоспары

цикл/ компоненті	Пәннің коды	Пәннің атауы	Кредиттер РК	Кредиттер ECTS	семестр	Семестр бойынша бақылау				Сағат саны						Курстар мен семестрлерге бөлу									
						емтихандар	сынақтар	курстық жобалар	курстық жұмыстар	Барлығы	Аудиториялық жұмыс, оның ішінде				Өзіндік жұмыс		1 курс		2 курс		3 курс		4 курс		
											аудиториялық	к	дәріс	зертханалық	практикалық	СӨЖ	СӨЖ	1 сем	2 сем	3 сем	4 сем	5 сем	6 сем	7 сем	8 сем
																		семестрдегі апталар							
Модуль 1 - Қоғамдық-саяси - 11 кредит, жалпы модуль																									
ЖББП/МК	İK 1101	Қазақстан тарихы	3	5	1					135	45	15		30	22,5	67,5	3								
ЖББП/МК	Fil 2102	Философия	3	5	3					135	45	15		30	22,5	67,5			3						
ЖББП/МК	Soc 1107	Әлеуметтану	2	3	2					90	30	15		15	15	45		2							
ЖББП/МК	Pol 2108	Саясаттану	2	3	4					90	30	15		15	15	45			2						
ЖББП/МК	Rel 1112	Дінтану	1	2	2					45	15	15			15	15		1							
Модуль 2 - Тілдер - 12 кредит, жалпы модуль																									
ЖББП/МК	K(R)Ya 1104	Қазақ(орыс) тілі	6	10	1,2					270	90			90	45	180	3	3							
ЖББП/МК	IYa 1103	Шетел тілі	6	10	1,2					270	90			90	45	180	3	3							
Модуль 3 - Жалпы білім беру -11 кредит, жалпы модуль																									
ЖББП/МК	Inf 1105	Информатика	3	5	2					135	45	15		30	22,5	67,5		3							
ЖББП/МК	EUR 1106	Экология және тұрақты даму	2	3	1					90	30	15		15	15	45	2								
ЖББП/МК	OBZH 1111	Тіршілік ету қауіпсіздігі негіздері	2	3	1					90	30	15		15	15	45	2								
ЖББП/МК	OET 2109	Экономикалық теория негіздері	2	3	3					90	30	15		15	15	45			2						
ЖББП/МК	OP 2110	Құқық негіздері	2	3	4					90	30	15		15	15	45				2					
Модуль 4 - Кәсіби тілдер және еңбек қорғау -6 кредит мамандық модулі																									
БП/МК	PK (R) Ya 3206	Кәсіби қазақ (орыс) тілі	2	3	5					90	30			30	15	45					2				
БП/МК	P-olYa 3202	Кәсіби-бағытталған шетел тілі	2	3	5					90	30			30	15	45					2				

V. Білім беру бағдарламасының модульдері бойынша игерілген кредиттер көлемін көрсететін жиынтық кестесі

Оқу курсы	Семестр	Игерілген модульдер саны	Оқылатын пәндер саны		KZ кредиттердің саны					Жалпы, сағат	ECTS	Саны	
			МК	ТК	Теориялық оқу	Оқу практика	Өндірістік, диплом қорғау алдындағы практика	Қорытынды аттестация	Жалпы			емтихан	дифсынақ
1	1	5	7		19				23	1008	1395	7	
	2	6	3	5	20	4			28	1293	1665	8	
2	3	5	2	5	18				22	963	1012.5	7	
	4	7	4	3	19	5			28	1083	1417.5	7	
3	5	5	3	4	18				18	888	1327.5	7	
	6	6	2	5	18		7		25	1335	1237.5	7	
4	7	4	-	6	18		2		20	735	945	6	
	8							3	3	315	1050	1 ИА	
Қорытынды			21	28	130	9	9	3	167	7620		50	

VI. Білім бағдарламасының картасы

Дублин дескрипторлары	Модуль атауы	Компетенциялар	Пән атауы	Білім беру нәтижелері
А. Білім және түсінік. В. Тәжірибеде білімді және түсінікті пайдалану. С. Ойын айтуға, идеяны бағалауға және қорытынды шығаруға қабілеті. D. Қатынас саласындағы икемділігі. E. Білім саласындағы икемділігі	Қоғамдық - саяси пәндер	Қазіргі кездегі Қазақстан территориясындағы адамзат қоғамының қалыптасу процесін, оның дамуын ашып көрсету, ғылыми, тарихи принциптері негізінде оның барлық қайшылықтарымен тарихи оқиғаларды объективті қарастыру. Алғашқы деректерге көңіл аудару арқылы маңызды түйінді мәселелердегі тарихнаманы зерттеу. Студенттердің тарихи танымын қалыптастыруға көмектесу, әртүрлі тарихи кезеңдердегі әлеуметтік-саяси, мәдени т.б. процестердің ерекшеліктерін түсіндіру, тарихи оқиғаларға объективті тұрғыдан баға беру. Тарихтағы «ақтаңдақ беттерді» анықтап, оларды түсінуге тырысу және халқымыздың ірі тарихи тұлғаларының өмірі мен қызметімен танысу, отандық тарихты дүниежүзіндік тарихтың құрамдас бөлігі ретінде қарастыру. Ежелгі дәуірден қазіргі күнге дейінгі тарихымызға жалпы шолу жасап, тарихи оқиғаларды студенттердің дұрыс түсінуіне көмектесу, тарихи оқиғаларды тарихи фактілермен дәйектеу, пайымдау.	Қазақстан тарихы	Студенттер Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден қазіргі күнге дейінгі негізгі кезеңдері туралы объективті тарихи білім алады. Студенттер этногенездің сабақтастығы, қазақ халқы мемлекеттілігінің қалыптасуы мен дамуы туралы түсінік алады. Сондай-ақ студенттер Қазақстан территориясында болған тарихи оқиғаларды қарастыруға мүмкіндік беретін Отандық тарихтағы тарихи процестердің басты және жалпы бағыттарын зерттейді. Студенттердің дүниетанымы кеңейіп, адам және дүниежүзілік ғылымның дамуындағы жалпы тарихи заңдылықтар туралы түсінігі қалыптасады.
А. Білім және түсінік. В. Тәжірибеде білімді және түсінікті пайдалану. С. Ойын айтуға, идеяны бағалауға және қорытынды шығаруға қабілеті. D. Қатынас саласындағы икемділігі. E. Білім саласындағы икемділігі	Қоғамдық - саяси пәндер	А. Студенттердің толық әлемдік көзқарастарын қалыптастыру арқылы тұлғаны рухани дамыту. В. Практикалық дағдыларды орындауда кестемен, сызбамен, слайдтармен жасалған жұмыстар алынады. С. Тұжырымдамаларды қорытындылауда, өзіннің жеке дәлелдерін қалыптастыруда өзіннің жеке ойлау қабілетін дамыту. D. Қарым қатынас жасауда барлық елдердің философиясын, олардың мәдениеті мен салт дәстүрін бағалау, философиялық ерекшеліктерін, қазақ елінің философиясын бағалау. E. Білім беру саласындағы біліктілікте – әр түрлі тақырыптарды философиялық дәрежеде талдап, философиялық дүние танымды қалыптастыру.	Философия	Студент мынаны білуі қажет: - философиялық ойлаудың тарихын білу; - ұлттық философияның жетістіктерін білу; - арнайы философиялық мәселелерге баяндама дайындай білу; - философиялық семинарға және пікірталаста философиялық ұғымдар мен категорияларды қолдана білу; - қоғамдық өмірде философиялық аксиологиялық әдісті қолдана білу.
А. Білім және түсінік. В. Тәжірибеде білімді және түсінікті пайдалану. С. Ойын айтуға,	Қоғамдық - саяси пәндер	А. Әлеуметтану, әлеуметтік өзара әрекеттестіктен даму заңдылықтарының қызмет ету ерекшеліктері, әлеуметтік институттардың қызмет етуі мен дамуы, әлеуметтік құрылымы мен әлеуметтік қатынас ерекшеліктері	Әлеуметтану	Студент мынаны білуі қажет: - қоғамды талдаудағы әлеуметтік қауымдастық пен әлеуметтік топтардың пайда болу табиғатын-дағы, әлеуметтік процестердің түрлері мен бағыттарын талдаудағы әлеуметтанулық түсініктерден хабары болуы тиіс.

идеяны бағалауға және қорытынды шығаруға қабілеті; D. Қатынас саласындағы икемділігі. E. Білім саласындағы икемділігі		жайлы, адамның әлеуметтік нақтылық пен өзара байланысқа түсуі және әлемдік қауымдас-тықтың даму тенденциялары туралы түсінік береді. В. Практикалық дағдылар, кестемен, сызбамен, слайдтармен және анкета жүргізумен орындауда С. Тұжырымдамаларды қорытындылауда, өзіннің жеке дәлелдерін қалыптастыруда өзіннің жеке көзқарастарын негіздеу. D. Қарым қатынас жасауда барлық елдердің мәдениеті мен салт дәстүрін бағалау, оларды құрметтеу, өз елінің мәдениетін бағалау. E. Білім беру саласындағы біліктілікте – әр түрлі әлеуметтік проблемаларға әлеуметтік тұрғыда талдау жасап сараптама жүргізу		- тұлға жөнінде, әлеуметтенудің формаларын, әлеуметтанулық зерттеу жүргізудің әдістемесі мен әдістерін жетік білуі қажет.
А. Білім және түсінік. В. Тәжірибеде білімді және түсінікті пайдалану. С. Ойын айтуға, идеяны бағалауға және қорытынды шығаруға қабілеті. D. Қатынас саласындағы икемділігі. E. Білім саласындағы икемділігі	Қоғамдық - саяси пәндер	А. Саясаттану пәнін оқып білу студенттердің саяси дүниетанымы мен саяси мәдениетін қалыптастыруға бағытталған, олардың Қазақстан Республикасы аясында тұрған міндеттерді шешуге белсенді қатысуына септігін тигізеді. В. Практикалық дағдыларды орындауда географиялық және тарихи карталармен, кестемен, сызбамен, слайдтармен жасалған жұмыстар алынады. С. Тұжырымдамаларды қорытындылауда, өзіннің жеке дәлелдерін қалыптастыруда өзіннің жеке саяси көзқарастарын негіздеу. D. Қарым қатынас жасауда барлық елдердің саясатын негізгі мақсатын, олардың мәдениеті мен салт дәстүрін бағалау, халықаралық қарым қатынастарды құрметтеу, өз елінің саяси көзқарастарын бағалау. E. Білім беру саласындағы біліктілікте – әр түрлі саяси проблемаларға салыстырмалы талдау жасау, уақыт өтуіне байланысты тарихи тұрғыда ивенталдау жасап үйрену және қоғамдағы қауіпсіздік мәселесіне сай swot талдау жүргізу.	Саясаттану	Студент мынаны білуі қажет: - саясаттың мәнін, мүмкіндіктерін, шекараларын, келешегін және негізгі түрлерін, - саяси биліктің мәнін, жүйесін, көздері мен функцияларын; - саяси процестердің мәнін және саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың олардағы ролін, соның ішінде Қазақстан Республикасындағы саяси процестерді білу.
А. Білім және түсінік. В. Тәжірибеде білімді және түсінікті пайдалану. С. Ойын айтуға, идеяны бағалауға және қорытынды шығаруға қабілеті. D. Қатынас саласындағы икемділігі.	Қоғамдық - саяси пәндер	А. Динтануды қазіргі таңда оқытудағы мақсат адамзат мәдениетіндегі жеке, ерекше рухани өмір сүру саласы ретінде ұғындыру, «жанды жүйе» ретінде гносеологиялық негіз жасау; В. Студент оқу және ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасау дағдысын қалыптастырады және өз пікірлерін ғылыми баяндама, реферат түрінде жеткізе біледі үйренеді; С. Тұжырымдамаларды қорытындылауда, өзіннің жеке дәлелдерін қалыптастыруда, рухани -	Динтану	Студент білуі қажет: - оқу және ғылыми әдебиеттермен, ҚР заңдарымен жұмыс жасауды; - өз пікірлерін ғылыми тұжырымдамалармен негіздеуі отырып жеткізе біледі; - қоғамның дини саласының дамуындағы негізгі принциптер мен заңдылықтарды түсіне отырып, ХХІ ғасырдағы дини терроризм және экстремизм мәселелері туралы ақпараттарды меңгеру. Адам өмірі, ар-ождан бостандығы және дини мәмілекік құндылықтарын бойларына сіңіру.

саласындағы ікемділігі; Е. Білім саласындағы ікемділігі		мәдени көзқарастарын негіздеу. Д. Қарым-қатынас жасауда діни мәмілелік сезімін қалыптастыру. Қазақстанда тұрып жатқан халықтың дәстүрі мен рухани құндылықтарын құрметтеу. Е. Білім беру саласындағы біліктілікте – қоғамның мәдени кеңестігіне бейімделе отырып, негізгі мәселелерді талдай алу білігі.		
А. Білім және түсінік; В. Тәжірибеде білімді және түсінікті пайдалану; С. Ойын айтуға, идеяны бағалауға және қорытынды шығаруға қабілеті; Д. Қатынас саласындағы ікемділігі; Е. Білім саласындағы ікемділігі	Тілдік	А. Тілдік қарым-қатынас теориясының негізін білу; ойын нақты және айқын білдіру; қазақ және орыс тілдерінің ережелері; В. Ауызша және жазбаша түрде өз ойын еркін және дұрыс жеткізу; өз көзқарасын дәлелдеу; қазақ және орыс тілдерін үйрену барысында өз ойын еркін түрде тұжырымдап, айтушының ой-пікіріне өзінің тұжырымдарымен жауап беріп, әр түрлі сұрақтар қою негізінде өзіне қажетті ақпаратты ала білу; С. Тұжырымдау тәсілдерін игеру, қазіргі әдеби тіл нормаларын білу; таңдап алған мамандығы бойынша естіген, оқынған мәтін мазмұнында берілген ойды қайта жаңғырту; тілдік және қарым-қатынас құзыреттілігін қалыптастыру; Д. Логика, тұжырым жасау теорияларының негізін, қазақ және орыс тілдерінің негізгі ережелерін, сөйлеу әдеби мен қазақ және орыс әдеби тілдерінің нормаларын білу; қазақ және орыс тілдерінде сөйлесу дағдысын қалыптастыруы керек және оны практикада қолдана білу. Е. Игеру, студенттердің мамандығы бойынша тілдік және қарым-қатынас құзыреттілігін дамыту.	Қазақ (орыс) тілі	Курс аяқталған кезде студенттер төмендегілерді қалыптастыруы және білуі тиіс: - қазақ (орыс) әдеби тілдерінің барлық нормаларын сақтай отырып, жазбаша және ауызша тілдік дағдыларды; - әртүрлі функционалды стиль мәтіндерінің құрылымды ерекшеліктерін білу; - әдеби тіл нормаларының жүйесін пайдалана отырып, қазақ (орыс) тілін сөйлеу құралы ретінде әртүрлі салаларда қолдану; - сөйлеу барысындағы өз қателіктерін түзете білу; - мамандық бойынша мәтіндерді оқу барысында тілдік және коммуника-тивтік дағдыларды қалыптастыру; - өтілген тақырып бойынша қажетті ақпаратты ала білуі, ақпаратқа өзіне түйіндеме жасап, монолог, сұхбат құрастыра білу.
А. Білім және түсінік; В. Тәжірибеде білімді және түсінікті пайдалану; С. Ойын айтуға, идеяны бағалауға және қорытынды шығаруға қабілеті; Д. Қатынас саласындағы ікемділігі; Е. Білім саласындағы ікемділігі	Тілдік	А. Лексика сөзжасам үлгілері, көп мағыналы сөздердің контексттегі мағынасы, мамандыққа байланысты оқытылатын терминдер мен лексикалық құрылымдар; -грамматика негізгі жаратылыстану- гуманитарлық мамандықтары саласында жиі кездесетін грамматикалық құбылыстар; В. Оқу; мәтіндерді сөздікпен және сөздіксіз оқу; мәтіннен қажетті ақпаратты табу; оқынған мәтіннің мағынасын түсіну және есте сақтау; -жазу; іс-қағазын толтыру, қысқа тұжырым жазу, құрастыру, іскерлік, ресми және жеке адамның шағын хатын жазу; -аударма аударма ережелеріне сәйкес сөздікті қолданып, шетел тіліндегі мәтінді ана тіліне аудару; -аудирование (тыңдап түсіну); шетел	Шет тілі	Мұғалім мен студенттің қарым-қатынасындағы қарапайым деңгейдегі тілдік формаларды менгеруді қамтамасыз ету үшін мұғалімнің мақсатын, нұсқауын, қабылдау мен түсінуді қалыптастыру (тәрбиелеу). Бақылау жолдары: студенттің ұсынылып отырған нұсқауларды дұрыс түсіну және берілген сұраққа дәл жауап қайыру. Диалог; Жағдаяттық (сөйлеу жағдаяты) лексиканы менгеру, дұрыс фраза- клишені пайдаланып, әңгімелесе білу, диалог- сұрақ, ақпарат алу, құптау, әңгімелесу, келіспеу. Монолог алдын ала дайындалған қысқаша хабарлама жасап үйрену; мәтіннің мазмұнын берілуі Диалогтың этикалық (сыпайылық) сипаты; белгілі бір тілдік сөйлеу жағдаятында дұрыс тілдік қарым-қатынас жасау және оны жалғастыра білу. Пікір алысу диалогы. Оқытылатын шетел тілінің тілдік нормасына сәйкес жеке адам атынан немесе ресми қысқаша хат жазу. Бағалау өлшемдері: 1. Хаттың орфографиялық

		тілінде айтылған сөйлемдерді түсіну С. Келтірілген уәжілет анықталған ережені белгілеу, жалпы мағынада айтылған ой, сонымен қатар мәтін мен тура қатынастағы ашық айтылған ережені түйсіне әрі түсіне алуы тиіс; тілді шөла қолдана алуы, жеке, жалпы және кәсіптік тақырыптағы әңгімені; грамматикалық тұрғыда сауатты әрі әсерлі құра алуы, сол кезде айтылған тіркестер арасындағы байланысқа басты назар аударылуы тиіс, өз ойын айтар кезде қобалжымай, жоғары дәрежеде ұстануы, құбылысқа жеке қатысын белгілеп беру, сәйкес түсіндірме көмегімен өз ұстанымын нақты әрі тура айта білуі тиіс; жүйелі түрде берілген нақты әрі түсінікті мәтінді маңызды мағынасы, қажетті тетіктерін айқындай отырып өз ойын ашық та анық айта алуы қажет. Д. Сөйлеу ережелеріне сәйкес өз ойын, пікірін шетел тілінде қалыптасқан тілдік нормаға сай жеткізу, сұрақ қою, сұраққа жауап беру, оқытылған тақырып бойынша шетел тілінде әңгімелесе білу. Өзі оқыған, тыңдаған мәтін мазмұнын айтып беру. Е. Күнделікті өмірде, тұрмыста кездесетін тілдік формалар, ауызекі сөйлесу тілі және белгілі бір мамандық саласында күнделікті өмірде, кәсіби қарым-қатынас жасағанда шетел тілін белсенді қолдана білуге үйрету.		жағынан сауатты жағылуы; 2. Ақпаратты, ойды жүйелі, тұжырымды жеткізу (оқытылатын шетел тілі елінде қабылданған тілдік нормаларға сәйкес талаптарды сақтай отырып жеке адам атынан не ресми сипаттағы хат жазу).
А. Білім және түсінік; В. Тәжірибеде білімді және түсінікті пайдалану; С. Ойын айтуға, идеяны бағалауға және қорытынды шығаруға қабілеті; Д. Қатынас саласындағы ікемділігі; Е. Білім саласындағы ікемділігі	Жалпы білім беру пәндері	А. Ақпаратпен жұмыс істегендей компьютерлерді қурылғылар үшін ақпараттар беру, білімді жетілдіру, сақтау теориясын оңдеуге арналған. Қазіргі заманауи ЭЕМ-мен ақпараттық - коммуника-циалық технологияны ақпараттық және бағдарламалық қамтамасыздандыруды пайдалана отырып, оқу, жазу, есептеу, сурет салу және мәлімет іздеу жолдарын менгеру, түсіну. В. Компьютердің құрылғылары: құлаққап, принтер, сканер, web - камера т.б. Техникалық дәлелдемелерді алу. Алған білімдерін, қабілеттіктерін және дәйекті дәлелдемелерін қолданбалы есептерге, қағаз жүзінде әр түрлі ақпараттарды дайындау, жинау, өңдеу және тасымалдау үшін қызмет атқарады. С. Сыни қатынаспен қабылданған ақпаратқа ең негізгісіні бөліп көрсету, сенімді дәрежені бағалау (релеванттық сұрауға, желіде жұмыс т.б.) D. Топпен жұмыс істеу, іздеу, табу, мәмілеге келу (жеке бағдарламалық жобамен жұмыс жасау, компьютерлік	Информатика	Студент білуі керек: - информатика пәнінің негізгі түсініктерін; - операциялық жүйелерді және олардың түрлері мен міндеттерін; - Windows - операциялық жүйесінде жұмыс жасауға арналған сервистік программаларды; - Microsoft Word құжаттарды құру, сақтау, мәтінді теріп-түзету; - Internet желісін, Internet Explorer бағдарламасының жұмысын; - Microsoft Excel-электрондық кестесінде автоматты есептеулер жүргізудің негізгі әдістерін; Студент орындауы керек: - информатикадан алған дағдыларын оқу барысында және өндірісте қолдану; - есептерді қалыптастыру және оларды шешудің программалық өнімдерін таңдау; - қарапайым және күрделі мәтінді құру; - электронды кестені қолдана білу; - деректер қорын құру және объектілерінің қызметін білу; - графикаік сызбаларды сызу; - қарапайым алгоритмдік есептерді құру мен шешу.

		желіде өзара іс-қимыл жасау, технология клиент-сервер бірлескен жұмыстар ұсынысы т.б.) Толеранттық басқа өкілдердің көз қарастарымен қарым-қатынас жасай білу (ортада даму желісі, жойылған телекоммуникациялық кеңесшілермен т.б.) Е. Ақпараттық тәсілдермен жұмысты меңгеру: - каталогтардан іздеу, жүйелерден іздеу, иерархиялық құрылымдардан, - Әр түрлі тасмалдаушылар арқылы ақпараттарды алу, - жүйеге келтіру, анализ және ақпаратты талдау (әр түрлі реттеулер түрі, сүзгілер, сұраулар жүйелік файлдардың құрылымдары, деректер қорын жобалау және т.б.), - техникалық сақтан алу дағдылары, жою, ақпаратты көшіріп алу т.б., - ақпараттарды қайта құру (жанарту).		
А. Білім және түсінік; В. Тәжірибеде білімді және түсінікті пайдалану; С. Ойын айтуға, идеяны бағалауға және қорытынды шығаруға қабілеті; D. Қатынас саласындағы икемділігі; E. Білім саласындағы икемділігі	Жалпы білім беру пәндері	А. Экономикалық мәселелер бойынша экономикалық жүйелердегі қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму заңдылықтарын, экономикалық құбылыстарды өзара байланыста танудың саналы әдісі ретінде логика мен диалектиканы пайдалану, шектеуді ресурстар жағдайындағы нарықтың өзін-өзі реттеу механизмдерін, мемлекеттік реттеудің қағидаларын білу Б. Тестілік тапсырмалармен, схемалармен, кестелермен жұмыс жасауды үйрену. Логикалық ойлауды, іс-қимылдарын, қарым-қатынасты жақсартуда қабілеттіліктерін арттыруға дайындауда, өздігінен сабаққа дайындауға бағдар, бағыт береді. С. Экономикалық құбылыстардағы үдерістерді талдау негізінде экономиканың болашақ даму бағыттарын айқындау. Утымды шаруашылықтардың нақты қағидаларын, тәсілдерін анықтау Д. Еліміздің экономикалық құндылықтарына деген құрмет, сенім, сауаттылықты қалыптастыру E. Қазақстанның экономикалық негізгі мәселелерін талдай білу, студенттердің экономикалық мәдениеттілігін, ойлау қабілеттілігін, нарық туралы негізгі түсінігін қалыптастыру.	Экономикалық теория негіздері	Пәнді оқу барысында студенттер алатын білім, білік пен дағдының ең төмендегі деңгейі келесілерді қамтиды: - Экономикалық мәселелер бойынша ғылыми мұрада жиналған негізгі теориялық қозғарастарды білу, - Әлеуметтік бағытталған экономиканың Қазақстандағы үлгісін институционалдық ерекшеліктерін ескере отыра, әлеуметтік - экономикалық мәселелерді шешудің дұрыс жолын іздестіруде аналитикалық ойлау дағдыларын игеру, - Экономикалық теория негіздерін оқудың алдында «Философия», «Қазақстан тарихы» сияқты пәндер өтпеді, олар студенттердің абстрактілі ойлау мен азаматтық позицияның негізін қалыптастырады.
А. А. Білім және түсінік; В. Тәжірибеде білімді және түсінікті пайдалану;	Жалпы білім беру пәндері	А. Экологиялық тұрғыдан қауіпсіз және зиянсыз тіршілік жағдайларды жасаудың негізгі әдістері туралы түсініктерді ғылыми зерттеулерде үлгілей және пайдалана білу; экономикалық теория негіздерін.	Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері	Осы пәнді оқу нәтижесінде студенттер ТЖ кезінде адамдарды қорғау және түрлі ТЖ үлгілеудің негізгі принциптері, тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық негіздері; ТЖ экономика нысандарының жұмыс істеу тұрақтылығын

